

ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ



■ Әлеуметтік

психология-(гр. *psyche* – жан және *logos* – сөз, түсінік, ілім)

– әлеуметтік

топтарға қосылуымен байланысты

адамдардың қызметі мен пәнінің

заңдылықтарын, сонымен қоса ол

топтардың өздерінің рухани

ерекшеліктерін

зерітейтін жантану

ғылымдарының саласы.



Әлеуметтік психологияның негізгі бөлімдері

- әлеуметтік топтардың психологиялық мінездемесі
- Тұлға психологиясы
- ақпарат алмасу заңдылықтары
- түрлі қауымдастықтарда қалыптасатын тұлғааралық өзара қатынастар.



Өзге ғылымдармен байланысы

- социология

- саясаттану

Әлеуметік
ПСИХОЛОГИ

- мәдениеттану

Я



Әлеуметтік психологияның зерттеу объектісі

- Ғылым саласы ретіндегі әлеуметтік психологияның зерттеу объектісіне мыналар жатады:
- адамдар арасындағы ақпарат алмасу және өзара әрекеттесу заңдылықтары, атап айтқанда, қоғамдық және тұлғааралық қатынастар құрылымындағы жүздесудің рөлі, оның құрылымы, атқаратын қызметі, жүздесу үдерісінде әсер ету амалдары;
- таптар мен ұлттар сияқты ірі және еңбек ұжымы мен отбасы сияқты шағын әлеуметтік топтардың психологиялық мінездемелері, бұған қоса ұжымшылдық, басқару және жетекшілік, топ болып шешім қабылдау, топ қызметінің тиімділігі сияқты үдерістерді зерттеу;
- тұлғаның әлеуметтік психологиясы, оның коммуникациялық сапалықтарына талдау жасау, әлеуметтену мәселелері, әлеуметтік мақсаттардың қалыптасуы және ауысуы, т.б.




Әлеуметтік психологияның негізгі бағыттары

бихевиоризм

Гештальтпсихология және когнитивизм

психоанализ




Бихевиоризм

- Бихевиоризм (ағылш. *behaviour* - *іс-әрекет*, Behaviorism)) - іс-әрекет дағдысының мәні мен адам психологиясындағы қызметін түсіндіру. Бихевиоризм ілімі ХХғ. басында АҚШ-та пайда болған психология ағымы. Олар еш негізсіз, нақты дәлелсіз психологиялық болжаулық теорияларға қарсы шығып, адамның *іс-әрекет дағдысын* тіке күзету және нақты өлшеу арқылы адам психологиясын анықтауға болады деп есептеді. Олар ішкі толғанысқа сенбеді, тәжірибелік нақты зерттеу әдіснамаларын ұсынды.

Бихевиоризм түрлері

- Классикалық бихевиоризм (Classical): Джон Б. Уотсон (John B. Watson) дәріптеген бихевиоризм бағыты.
- Методологиялық бихевиоризм (Methodological)
- Радикалды бихевиоризм (Radical): В. Ф. Скиннер (B. F. Skinner) қатарлылардың бихевиоримі
- Логикалық бихевиоризм (Logical): Оксфорд университетінің философы Ж.Райла (Gilbert Ryle) өзінің «Мидағы ұғым» (The Concept of Mind (1949)) деген кітабында қалыптастырған.
- Мақсат бихевиоризмі (Teleological): Скиннерге қатысты қалыптасқан ағым..
- Теорияшыл бихевиоризм (Theoretical): Скиннердің ағымының тағы бір қасиеті, олар ішкі жан дүниедегі көңіл күйді күзетуге болады деп есептейді.
- Биологиялық бихевиоризм (Biological): Адам зердесінің жүйке жүйесіне қатысына айырықша мән береді;
- Ішкі бихевиоризм (Interbehaviorism): J. R. Kantor, L. Hayes, E. Ribes, S. Vijou секілділердің зерттеуі.




Гештальтпсихология

- Гештальтпсихология (нем. *gestalt* - пішін, тұтастық)- шетелдік психологияның сенсуалистік бағыты, 1912 ж. Германияда пайда болған. Гештальтпсихологияның ізашары Х. Фон Эренфельс (1859-1932) болып табылады. Басты өкілдері: М. Верттеймер (1880- 1944), В. Келер (1887-1967) және К. Коффка (1886-1941). Ассоциациялық психологияға қарама-қарсы гештальтпсихология түйсікті емес, қайта қайсыбір психикалық құрылымды, тұтас түзілімді, яғни "гештальттарды" бастапқы және психиканың негізгі элементтері деп санайды.




КОГНИТИВИЗМ

- Когнитивтік психологияның нысанын білімнің құрылымы мен түсінік аппараты немесе адамның ойлау әрекеті құрайды. «Когнитивтік психология» деген терминді 1967 жылы У.Найсер ұсынды. Психологияның танымдық бағыты субъектілердің қабылдау, ойлау, тану, пайымдау, түсіну әрекеттерін жан-жақты талдау негізінде адамның ішкі, көзге көрінбейтін әрі нақты механизмдер мен процестер арқылы емес, сана, жады қызметтерінің көмегімен бақыланатын мәселелерді шешуге бағытталды.



Психоанализ

- **Психоанализ** — Австрия ғалымы Зигмунд Фрейд қалыптастырған ХХ ғасыр мәдениетінің барлық саласына зор ықпал еткен психологиялық ілім және психиатрияны емдеу әдіснамасы. З. Фрейд өз зерттеуін бастаған кезде психиатрия ғылымы биологияның ықпалына айырықша ұшырағаны соншылық, психологиялық құбылыстардың қалыптасуы мен дамуын түсіндіру және рухани ауруларды емдеу түгелдей өнеркәсіп дәуіріне тән механикалық әдістермен орындалатын.



Психоанализдің басты ережелері

- Адамның ата тегіне тартқан мінезіне дейінгі барлық психологиялық қасиеттерін бала кезіндегі кешірімесі белгілейді.
- Адамзаттың ісін, кешірімесін және танымын негізінен адамның иррационалды (жабайы, ақылсыз, нәпсілік) аңсары қалыптастырады.
- Бұл аңсарлар незінен санасыз күйде болады.
- Осынау санасыз аңсарларды саналы қабатқа әкелу психологиялық өз-өзін қорғау механизмінің қарсылығын туғызады.
- Сана мен астынсана (шектелген, жасырынған сана) және нақты шындық арасындағы қайшылықтан рухани соққы пайда болады, ауытқулар туады, психологиялық аурулар келіп шығады.



Назарларыңызға рахмет!

